




Жеңіс Қашқыновтың өлеңдері

Кір қуыршақ

- Кір басқан қуыршақ,
Қайтеді жуынсақ?
Айтқанды тындамай
Отырсың,
Бұл қалай?
Әй-әй, әй, кір бала-ай!
Әй-әй, әй, кір бала-ай!

Әдет



Ойнап болып ақ мысық,
Берген сүтті жатты ішіп.
Әдеті ғой бұрынғы,
Тамақ ішіп жуынды.
Содан кейін пырылдап,
Кетті ұйқыға бір уақ.
Қалыптасқан дағдыны
Қайталайды әр күні.

Санамақ

Бір дегенім – белдік,
Екі дегенім – ерлік.
Үш дегенім -үміт,
Төрт дегенім-түбіт.
Бес дегенім – балта,
Алты дегенім – алқа.
Жеті дегенім – жалбыз,
Сегіз дегенім- сағыз.
Тоғыз дегенім – тоқу,
Он дегенім – оқу.

Көмектесем мамама

Ішіп болып тамақты,
Кірісемін жұмысқа.
Жуам кесе, табақты,





Су құйып ап ыдысқа.
Көмектесем үнемі
Мамам ісі сонша көп,
Ойлап ылғи жүремін
«Қолқанаты болсам» - деп.

Сұрақ

Бірі әрі өте алмай,
Бірі бері өте алмай,
Арасында есіктің
Тұр еш жаққа кете алмай.

Бірі - жеті жастағы
Жанат деген бала екен.
Бірі – он екі жастағы
Қанат деген бала екен.

Бар мынадай сұрағым,
Кім жауабын береді?
Ал қайсысы бұлардың
Жол бергені жөн еді?

Бұлақ


Қыста бұлақ қатпайды,
Аяз болсын қақаған.
Ағып тыным таппайды,
Өзінше айтып жатады ән.

Тымақтан қар сілкіп ап,
Атамдай бір мал жайған.
Буы аспанға бұрқырап,
Белгі берер шалғайдан.

Бақбақ

Сән беріп баққа
Үлбіреп бақбақ.
Шалғынды сазда,





Өседі қаптап.

Ақ ұлпа қардай,
Басында — гүлі.
Жел қақса, қалмай
Ұшады түгі.

Жел үрлеп өтті,
Енді аспан аппақ.
Қалықтап кетті
Көбелек — бақбақ.

Қаракұрт пен қой
Тобылғының түбінде
Қой жайылып жүр еді.
Қап-қара боп бүрінде
Бір қаракұрт тұр еді.

Ешкімге қой қарамай,
Қаракұртқа бет қойды.
Кәмпит көрген баладай,
Шайнап-шайнап жеп қойды.

Қаракұртты қоймаған,
Түйені алып ұрса да.
Бұл қойды кім ойлаған
Өжет деп мал мұншама!

Ақтоғай

Ақтоғай жері жомарт, дархан елі,
Созылған омыртқадай Арқа белі.
Төрт түлік төл өрбіген құтты мекен,
Адамның табылады бар керегі.





Халқы бар жарқын жанды, өр көңілді,
Келеді даласындай кең пейілді.
Тоқырауын өзені сылаң қағар,
Тауы бар Қызыларай, өлке гүлді.

Жылжиды ракетадай уақыт деген,
Табысар келер ұрпақ бақытпенен.
Ақтоғай алтын аймақ, дүбірлі аймақ,
Ақыны жыр төгеді шабытпенен.

Мұғалімге

Мейлі ол ғұламалы ғалым болсын,
Әлде бір елден асқан дарын болсын.
Жалынды жыр жазатын ақын болсын,
Ерлікпен сүйсіндірген батыр болсын.
Кенші болсын тауларды қопаратын,
Мақтаныш қып жүргендер шопан атын.
Кезінде шындап оймен жүректерін,
Ұшырған бәрі өзіңнің түлектерің.

Кітап

Жақсы әңгіме, өлеңді
Әр бетінен табамын.
Ертегіні көлемді
Оқи алар баламын.

Мол қызыққа батамын,
«Кітап – білім бұлағы», -
Деген сөзі атамның
Есімде ылғи тұрады.

Ыстық көл

Ертеден бір көрмек едім,
Көп аңсаған арманым.
Ынтығып -ақ келген едім,





Сен де мәз боп қалғаның.

Толқын ұқсап жас балаға,
Жайлап қолын бұлғайды.
Көк айдында ақ шағала,
Шаттық жырын жырлайды.

Кіріп кеттім құшағыңа,
Көп ойланып тұрмадым.
Майда толқын құлағыма,
Сыбырлады сырларын.

Үні де ұқсас, түрі де ұқсас,
Балқашымнан аумайсың.
Халқымыздай бір туыстас,
Жатырқамай баурайсың.




Жоғалған кітап

Кітаптың стол үстінде,
Көргем мана жатқанын.
Әлекке әбден түстім де,
Іздеп енді таппадым.

Көрмепті оны басқа адам
Түспеді үйден көзіме.
Жанна келіп бақшадан,
Ұсынды әкеп өзіме.
-Өзім жақсы көретін
Кітабы,-деп,-ағаның,
Балалармен суретін
Қызыға көп қарадым.

Алып кеттім бағана,
Сұрағам жоқ, кешірші!





Мұндай істі мен, аға,
Істемеймін екінші.

Күз

Қарашы далаға,
Нұрға енген сары ала.
Пісті алма балбырап,
Сарғайған бал құрақ.

Аспанда қаптаған
Бұлт тыным таппаған.
Жөңкіліп көшеді,
Суық жел еседі.

Тоңған бір баладай,
Дірілдер қарағай.
Жаз бойы бұлқынған
Арнада су тынған.

Алқаптан бидайды,
Қоймаға ел жинайды
Тырнасы тізілген
Ұнатам күзді мен.



Найзатас

Үшкір келген басында,
Көк сүңгідей тасы бар.
Құпия осы расында,
Қашан сыры ашылар.

Ұландары қазіргі
Ойға терең бойласын.
Қадап кеткен тәрізді,
Батыр кеше найзасын.





Көктем

Қурап қалған былтырғы,
Қайта өсірді қияқты.
Бар атырап құлпырды
Түкті кілем сияқты.

Жерде жатқан кешегі,
Бұлт боп кетті қар ұшып.
Дүбірлетіп көшені,
Сулар ақты жарысып.

Дүр сілкінді қыр енді,
Толқытып жел өпті өтіп
Көктем! Көктем жіберді,
Осы өлеңді көктетіп!

Бірде өзенге келіп ек,
Ауламақ болып балықты.
Өз өнерін Төребек,
Суға түсіп танытты.

Балықтарды үркітті,
Сүңгіді де айдынға.
Еркін жүзді бұл тіпті,
Келмегендей жай мұнда.

Айтқанға еш көнбеді,
Бізге бөгет жасады.
Үркіп балық келмеді,
Анадайдан қашады.

-Ұят-ау, құр оралдық,-
Деп қайттық біз қысылып.
«Құлашымдай боларлық
Сазанды алдым түсіріп.

Ал дәу жайын керемет
Үзіп кетті қармақты»,-
Деп тақырбас Төребек
Жолдастарын алдапты.

